К.Т.Ильясовтың 6D030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығының конституциялық-құқықтық реттелуі» тақырыбындағы диссертациясына

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы ұлттық конституциялық құқықта да, халықаралық құқықтық стандарттарда да танылған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының қатарына жатады. Қазіргі жағдайда діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мәселелері жеке адамның құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттің зайырлы сипаты, қоғамдық қауіпсіздік, конфессияаралық келісім және конституциялық құрылысты қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігіне байланысты ерекше маңызға ие болып отыр.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум арқылы қабылдануымен айқындалады. Жаңа Конституцияның күшіне енуі діни саладағы конституциялық-құқықтық реттеудің қалыптасқан тәсілдерін қайта қарауды, діни сенім бостандығының конституциялық құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындауды, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың жаңа конституциялық қағидаларға сәйкестігін бағалауды талап етеді.

Зерттеудің маңыздылығы діни бірлестіктердің қызметін құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіру, миссионерлік қызметті құқықтық қамтамасыз ету, дінтану сараптамасының құқықтық негіздерін дамыту, азаматтардыңдіни құқықтарын қорғау және қоғамдық қатынастарды цифрландыру жағдайында ар-ождан бостандығының конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету қажеттілігімен де түсіндіріледі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасындаар-ождан бостандығы, мемлекеттің зайырлылық қағидаты, діни бірлестіктердің құқықтары, қоғамдық тәртіп, ұлттық қауіпсіздік және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін діни сенім бостандығын конституциялық-құқықтық реттеудің ғылыми негізделген моделін әзірлеу.

Қойылған мақсатқа қолжеткізу үшінкелесі **міндеттер** айқындалды:

– Діни сенім бостандығының адамның негізгі құқығы ретіндегі ұғымын, мазмұнын және құрылымын ашу;

– ар-ождан бостандығы, дін бостандығы, діни сенім бостандығы және наным бостандығы ұғымдарының арақатынасын айқындау;

– ой, ар-ождан және дін бостандығын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарын зерттеу;

– Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығын конституциялық-құқықтық реттеудің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін талдау;

– ар-ождан және діни сенім бостандығының конституциялық кепілдіктерін зерттеу;

– діни бірлестіктердің құқықтық мәртебесін және олардың қызметінің ерекшеліктерін талдау;

– діни саланы мемлекеттік реттеудің конституциялық-құқықтық шектерін айқындау;

– діни сенім бостандығын іске асырудың қазіргі заманғы мәселелерін зерттеп, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бағыттарын ұсыну.

Зерттеу объектісі. Қазақстан Республикасында ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығын іске асыру, қамтамасыз ету, қорғау және шектеу үдерісінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні. Ар-ождан және діни сенім бостандығын реттейтін конституциялық-құқықтық, халықаралық-құқықтық және салалық құқықтық нормалар, олардың Конституциялық Сот, соттар және мемлекеттік органдар тарапынан қолданылу тәжірибесі, сондай-ақ діни құқықтар мен бостандықтардың мазмұны мен шектерін айқындауға қатысты ғылыми-доктриналық тұжырымдамалар.

Зерттеуәдістері(әдіснамасы)

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және арнайы заңдық таным әдістері құрайды. Зерттеу барысында диалектикалық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңдық, жүйелік-құрылымдық және конституциялық-құқықтық талдау әдістері пайдаланылды.

Аталған әдістер халықаралық құқықтық стандарттарды, ұлттық заңнаманы, құқық қолдану практикасын және мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қазіргі даму үрдістерін кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Біз Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы тек адамның жеке құқығы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің зайырлы сипатын, заң алдындағы теңдікті, бірлесу бостандығын, сөз бостандығын, білім алу құқығын, сот арқылы қорғалу құқығын және мемлекеттің діни салаға араласуының шектерін айқындайтын жүйелі конституциялық-құқықтық институт ретінде қарастырылуы тиіс деп есептейміз. Біз Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығын конституциялық қағидаттары, жеке тұлғаның құқықтық өкілеттіктерінің, оларды іске асыру кепілдіктерінің және мемлекеттің діни салаға араласуының заңдық шектерінің өзара байланысты жиынтығын білдіретін жүйелі конституциялық-құқықтық институт ретінде айқындайтын авторлық тұжырымдаманы ұсынамыз.

2. «Діннің мемлекеттен бөлінуі» деген конституциялық формула дінді қоғамдық кеңістіктен ығыстыру ретінде түсіндірілмеуге тиіс. Оның құқықтық мәні мемлекеттің діни бірлестіктерден институционалдық тәуелсіздігін, мемлекеттік билік органдарының бейтараптығын, мемлекеттік діннің болуына жол бермеуді, сондай-ақ діни және діни емес наным-сенімдерді тең дәрежеде қорғауды білдіреді. Осы қағидат мемлекеттің діни наным-сенімдерге қатысты бейтараптығын қамтамасыз ете отырып, діни сенім бостандығын іске асыру үшін қажетті құқықтық жағдайлар

қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

3. Ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығының ішкі өлшемі шектеулердің нысанасы болмауға тиіс. Мемлекет адамның діни наным-сенімдерді таңдауына, өзгертуіне, сақтауына, жария етуіне немесе олардан бас тартуына мәжбүрлеуге құқылы емес. Ішкі діни наным-сенімдер адамның ойлау, ар-ождан және жеке діни өзін-өзі айқындау саласына жатады және мемлекеттік мәжбүрлеу мен шектеулерден қорғалуға тиіс. Ал діни наным-сенімдерді сыртқы нысанда білдіру, оның ішінде діни қызметті жүзеге асыру заңнамалық реттеудің нысанасы болуы мүмкін. Алайда мұндай реттеу Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келуге, заңды мақсатқа бағытталуға және конституциялық құқықтар мен бостандықтарды шектеудің қажеттілігі мен мөлшерлестік талаптарына сай болуға тиіс. Ішкі және сыртқы өлшемдерді ажырату мемлекеттің діни салаға араласуының конституциялық шектерін айқындайды: ішкі діни наным-сенімдер шектелмейді және мәжбүрлеуге жатпайды, ал олардың сыртқы көріністеріне қатысты шектеулер тек Конституция талаптары сақталған жағдайда ғана жол беріледі.

5. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеудің конституциялық-құқықтық шектері. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу заңды тұлға мәртебесін иеленудің және соған байланысты құқықтарды жүзеге асырудың заңды тәсілі болып табылады. Алайда тіркеу діни қауымдастықтың өмір сүруіне немесе дінді бейбіт түрде ұстануына берілетін рұқсат ретінде қарастырылмауға тиіс. Діни бірлестіктің құқық субъектілігінің мемлекеттік тіркеуге тәуелділігі оның заңды тұлға мәртебесін иелену мүмкіндігіне және осы мәртебеге байланысты құқықтарды жүзеге асыруына қатысты болады.

6. Діни сараптаманы жүргізудің құқықтық және рәсімдік кепілдіктері. Діни сараптама басым түрде әкімшілік сүзгі қызметін атқаратын тетік ретінде емес, құқықтық критерийлері айқындалған, қабылданған шешімдері негізделген және сот арқылы тиімді шағымдану мүмкіндігі қамтамасыз етілетін құқықтық рәсім ретінде қайта құрылуға тиіс. Діни сараптаманың конституциялық-құқықтық негізділігі мен нәтижелерінің тексерілуін қамтамасыз ету үшін мынадай кепілдіктер белгіленуі қажет:

- сараптама жүргізудің құқықтық критерийлерінің айқындылығы;
- сараптамалық қорытындылардың дәлелділігі;
- сарапшылардың тәуелсіздігі;
- мүдделі тұлғалардың түсініктемелер мен қарсылықтар ұсыну мүмкіндігі;

7. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының 2026 жылы күшіне енуі діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заңнаманы жүйелі түрде қайта қарау қажеттігін туындатады. Осыған байланысты арнайы заңнаманы Конституцияның ар-ождан бостандығы, діннің мемлекеттен бөлінуі, кемсітушілікке тыйым салу, сөз бостандығы, бірлесу бостандығы, білім берудің зайырлы сипаты, сот арқылы қорғалу және азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну құқықтарына қатысты нормаларымен үйлестіруге ерекше назар аударылуға тиіс. Біздің тұжырымдамаға сәйкес, діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заңнаманың конституциялық кепілдіктерге сәйкестік деңгейі артқан сайын діни саладағы құқықтық реттеудің конституциялық үйлесімділігі де артады. Біздің тұжырымдамаға

сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын соттардың тікелей қолдануы және діни сенім бостандығына қатысты нормативтік құқықтық актілерге конституциялық бақылау жүргізу оның құқықтық қорғалу тиімділігін арттырады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасыныңжаңа конституциялық даму жағдайында діни сенім бостандығын құқықтық реттеудің кешенді ғылыми тұжырымдамасы қалыптастырылды.

Зерттеу барысында ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығының құқықтық табиғаты, мазмұны мен құрылымы айқындалып, олардың адамның негізгі құқықтары жүйесіндегі орны анықталды. Діни сенім бостандығының ішкі және сыртқы элементтерінің арақатынасы ғылыми тұрғыдан негізделіп, оларды құқықтық реттеу мен шектеудің конституциялық өлшемдері жүйеленді.

Халықаралық құқықтық актілер, Біріккен Ұлттар Ұйымының құжаттары, Еуропа Кеңесінің стандарттары, ЕҚЫҰ ұсынымдары және шетелдік мемлекеттердің құқықтық тәжірибесі негізінде діни сенім бостандығын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық тетіктеріне кешенді талдау жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы, Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары және құқық қолдану практикасы зерттеліп, діни сенім бостандығын іске асыру саласындағы өзекті мәселелер мен құқықтық олқылықтар айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде діни бірлестіктерді тіркеу, миссионерлік қызметті құқықтық реттеу, дінтану сараптамасын жүргізу, діни құқықтарды қорғау және мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру бағытында ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді.

Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының 2026 жылғы жаңа Конституциясы жағдайында діни сенім бостандығын конституциялық-құқықтық реттеу мәселелерінің алғаш рет кешенді түрде зерттелуімен айқындалады.

Зерттеу барысында ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығының мазмұнына қатысты ғылыми көзқарастар жүйеленіп, олардың ішкі және сыртқы өлшемдерінің арақатынасы нақтыланды.Сонымен қатар діни құқықтарды іске асыру мен шектеудің конституциялық-құқықтық негіздері ғылыми тұрғыдан қайта қарастырылды.

Автор мемлекеттің зайырлы сипаты мен адамның негізгі құқықтарын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың құқықтық тетіктерін ұсынып, мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіруге бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдар қалыптастырды.

Зерттеудіңғылымижәнепрактикалықмаңыздылығыоныңнәтижелерін заң шығару қызметінде, құқық қолдану тәжірибесінде, мемлекеттік органдардың қызметінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу процесі мен ғылыми зерттеулерінде пайдалану мүмкіндігімен сипатталады.

Ғылым дамуының басым бағыттарына және мемлекеттік

бағдарламаларға сәйкестігі

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарығылыми-техникалықкомиссиябекіткенғылымдамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес орындалған.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының, «Қазақстан – 2050» стратегиясының, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының, 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының негізгі қағидаларымен үйлеседі.

Сонымен қатар диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына және жаңа Конституцияны іске асыруға байланысты құқықтық жаңғырту үдерістеріне сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды даярлауға қосқан үлесінің сипаттамасы

Зерттеу нәтижелері түрлі ғылыми-практикалық алаңдарда талқыланып, ғылыми жарияланымдарда өз көрінісін тапты. Диссертацияның негізгі қағидалары 10 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде: 1 мақала халықаралық ғылыми журнал – *International Journal of Advanced Research in Law and Economics* басылымында; 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 6 жарияланым халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарында жарық көрген.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және ғылыми-практикалық нәтижелері келесі ғылыми конференцияларда баяндалып, талқыланып, апробациядан өтті: «Интеграциялық үдерістер жағдайындағы ұлттық заңнаманы үйлестіру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Қарағанды, 2017); *Education and Science without Borders* халықаралық ғылыми конференциясы (Прага, 2018); *Science and Civilizations* XV халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Шеффилд, 2019); *Aktualne ProblemyNowoczesnychNauk* XVхалықаралықғылыми-практикалық конференциясы(Пшемысль,2019);академикЕ.А.Бөкетовтің100жылдығына арналған «Е.А. Бөкетовтің ғылыми көкжиектері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Қарағанды, 2025).

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар, сондай-ақ жарияланған ғылыми еңбектердің мазмұны автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады және оның жеке өзі тарапынан әзірленген.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ қарастырылатын ғылыми мәселенің ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастырылған.

Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.